

Е.А. БӨКЕТОВТЫҢ ТҰЛҒА ТӘРБИЕСІ ТУРАЛЫ ИДЕЯЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖАСТАРДЫҢ ПАТРИОТИЗМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ

Садықов Қ.И., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
Иманбетов А.Н., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
Нуркеев Р.Ж., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
Кулейменов А.Ж., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

Аннотация

Мақалада академик Е.А. Бөкетовтің тұлға тәрбиесі жөніндегі педагогикалық идеялары және олардың жастардың патриотизмін қалыптастырудағы рөлі қарастырылады. Ғалымның көзқарастары гуманизм, адамгершілік және үйлесімді дамуды қамтамасыз ету принциптеріне негізделген. Зерттеу барысында патриотизмді қалыптастыруда бастапқы әскери дайындық пен дене шынықтырудың маңыздылығы айқындалады.

Кілт сөздер: Бөкетов, патриотизм, тұлға тәрбиесі, бастапқы әскери дайындық, дене шынықтыру, педагогика.

Кіріспе. Қазіргі жаһандану және ақпараттық кеңістіктің қарқынды дамуы жағдайында білім беру жүйесі алдында жас ұрпақтың патриотизмін, азаматтылығын қалыптастыру міндеті ерекше өзектілікке ие болып отыр. Қазіргі таңдағы жаһандану заманында отанымыздың болашағы жастарды тәрбиелеу басты мәселе, бұл бағытта бастапқы әскери дайындық (БӘД), дене шынықтыру және спорттық тәрбие маңызды рөл атқарады. Олар тұлғаның тек физикалық емес, сонымен қатар моральдық-ерік сапаларын дамытуға ықпал етеді.

Осы тұрғыда «Жақсының аты өлмейді, әлімнің хаты өлмейді» демекші академик Евней Арстанович Бөкетовтің педагогикалық мұрасының орны ерекше. Ол – көрнекті ғалым, педагог және қоғам қайраткері ретінде тұлғаның жан-жақты дамуы, интеллектуалдық, адамгершілік және физикалық қасиеттердің үйлесімділігін атап көрсетті.

Зерттеу мақсаты – Е.А. Бөкетовтің тұлға тәрбиесі жөніндегі идеяларын талдау және олардың жастардың патриотизмін қалыптастырудағы рөлін айқындау.

Міндеттері:

1. Е.А. Бөкетовтің еліміздің болашағы жастарды тәрбиелеу және тұлға дамуы туралы көзқарастарын қарастыру;
2. Бұл идеялардың қазіргі таңдағы жастар патриотизмін қалыптастырудағы орнын анықтау;
3. Бөкетов мұрасын заманауи білім беру практикасына енгізу жолдарын ұсыну.

1. Е.А. Бөкетовтің тұлға тәрбиесі туралы идеялары

Евней Арстанович Бөкетов – академик, Қарағанды мемлекеттік университетінің тұңғыш (қазіргі Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық университеті) ректоры, еліміздегі ғылым мен білімді дамытуға бар саналы өмірін арнаған тұлға. Оның жастарды білім мен ғылымға және руханилыққа тәрбиелеу жөніндегі көзқарастары гуманизм, үйлесімді даму және жоғары адамгершілік принциптеріне негізделді.

Бөкетовтің пайымдауынша, білім беру тек қана біліммен шектелмеуі тиіс, ол тұлғаның моральдық-этикалық негіздерін, қоғам мен Отан алдындағы жауапкершілігін қалыптастыруға бағытталуы қажет. Оның ғылыми еңбектерінде мынадай ой байқалады: «Нағыз азамат – өз елінің мүддесін қорғауға дайын, ойлай білетін және әрекет ете алатын тұлға» [1].

Оның ой-пікірінше, интеллектуалдық даму мен физикалық шынығу, сондай-ақ рухани-адамгершілік құндылықтар бір-бірімен тығыз байланысты. Ең маңызды жағдайлар бұл идеялардың қазіргі заманғы білім беру жүйесінде де көкейкестілігін жойған жоқ.

2. Бөкетов идеяларының жастар патриотизмін қалыптастырудағы рөліде ерекше десек қателеспеген болар едік.

Қазіргі білім беру бағдарламалары, оның ішінде бастапқы әскери дайындық пен дене шынықтыру сабақтары, тәртіптілік, төзімділік, командалық рухты дамытуға бағытталған. Бұл толықтай Бөкетовтің тұлғаны жан-жақты дамыту қағидаларына сәйкес келеді.

Бөкетовтің пайымдауынша, патриотизм – тарихи мұраны, ұлттық мәдениетті түсінуден және елдің болашағы үшін жауапкершіліктен басталады. Бұл құндылықтарды мынадай жолдармен тиімді сіңіруге болады:

- Бастапқы әскери дайындық арқылы (әскери тарихты оқыту, саптық және атыс дайындығы, әскери-спорттық ойындарға қатысу);

- Дене шынықтыру және спорт арқылы (күш, төзімділік, мінез, командалық жұмысты дамыту).

Жастардың патриотизмін қалыптастыруда спорттық жарыстар, әскери-спорттық ойындар, туристік жорықтар мен әскери лагерьлердің мәні зор. Бұл іс-шаралар қатысушылардың бойында табандылықты, жауапкершілікті және командалық рухты дамытады [2].

3. Бөкетов идеяларын қазіргі білім беру жүйесіне енгізу жолдары

Е.А. Бөкетовтің педагогикалық мұрасын әскери-патриоттық және спорттық тәрбиеде қолдану үшін келесі ұсыныстарды қарастыруға болады:

- Ойларын оқу бағдарламасына енгізу: Оның қанатты сөздері мен идеяларын БӘД және педагогика пәндерінде пайдалану;

- Патриоттық іс-шаралар: Бөкетов атындағы патриоттық клубтар құру, әскери-патриоттық акциялар ұйымдастыру;

- Әскери-спорттық жарыстар: Бөкетов идеялары негізінде командалық рух пен тәртіпті дамытуға бағытталған жарыстар өткізу;

- Элективті курстар: «Е.А. Бөкетовтың этикалық және патриоттық мұрасы» атты арнайы пән енгізу.

4. Бөкетов идеяларының заманауи білім беру жүйесінде маңызы және тәжірибелік іске асыру жолдары

Бүгінгі жаһандану жағдайында жастардың бойында ұлттық құндылықтар мен патриоттық сезімді қалыптастыру мәселесі ерекше мәнге ие. Бұл бағытта Е.А. Бөкетовтің тұлға тәрбиесі туралы идеялары заманауи білім беру жүйесінің негізгі бағыттарына толық сәйкес келеді. Қазіргі кезде ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы, шетелдік мәдени ықпалдың күшеюі жас ұрпақтың сана-сезіміне тікелей кері әсер етуде екендігіде жасырын емес. Сондықтан «Өткенінді ұмытқаның өшкенінің белгісі, өткенінді ұмытпағаның өскенінің белгісі» демекші жастардың өз елінің тарихын, тілін, мәдениетін білуі – ұлттық қауіпсіздіктің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады [3].

Практикада бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін мектептер мен жоғары оқу орындарында патриоттық тәрбие беруге бағытталған түрлі іс-шараларды жүйелі түрде ұйымдастыру қажет. Мысалы:

«Жас сарбаз» қозғалысына қатысу арқылы оқушылардың әскери-патриоттық дағдыларын дамыту;

Әскери-спорттық жарыстар, тактикалық ойындар, марш-бросоктар өткізу;

Университеттерде Бөкетовтің педагогикалық идеяларына арналған ғылыми конференциялар, дөңгелек үстелдер мен пікірсайыстар ұйымдастыру;

Патриоттық тақырыптағы эссе байқаулары мен тарихи викториналар өткізу.

Халықаралық тәжірибеге назар аударсақ, көптеген елдерде әскери-патриоттық тәрбие ерекше назарда. Мысалы, Израилде әскерге шақыруға дайындық мектеп қабырғасынан басталады, ал Финляндияда ұлттық қорғаныс курстары ерікті түрде болса да, өте жоғары сұранысқа ие. Бұл елдердің тәжірибесі патриоттық сезімнің тек әскери дайындықпен шектелмейтінін, ол сонымен қатар азаматтық жауапкершілік, елжандылық және ұлттық мүдделерді қорғауға дайын болу арқылы көрінетінін дәлелдейді [4].

Біздің пікірімізше Е.А. Бөкетов ұсынған қағидаларды жүзеге асыру тек білім беру мекемелерімен шектелмеуі тиіс. Отбасы, қоғам және мемлекеттік құрылымдардың да бұл бағыттағы жұмысы үйлесімді болуы қажет және бүгінгі күн талабы десек қателеспеген болар едік. Мысалы, ата-аналардың өз балаларына үлгі болып, отансүйгіштік қасиеттерін көрсетуі, мемлекеттік БАҚ арқылы патриоттық бағдарламаларды кеңінен насихаттау, спорттық федерациялар мен әскери бөлімдердің жастармен бірлескен жобалар ұйымдастыруы – осы бағыттағы кешенді шаралар қатарына жатады.

Жалпы алғанда, Бөкетовтің идеялары қазіргі заманғы шиеленіскен геосаяси жағдайларда сын-қатерлерге жауап беретін стратегиялық бағдарлама ретінде қарастырылуы тиіс. Себебі бұл идеялар жастардың рухани, зияткерлік және физикалық дамуын қамтамасыз ететін тұтас жүйе қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл жастарды тек білімді, кәсіби маман ғана емес, елінің болашағы үшін жауапты, ұлттық құндылықтарды құрметтейтін саналы-салауатты ұрпақ етіп тәрбиелеуге жол ашады.

Бұл шаралар жастардың рухани дамуына ғана емес, олардың Отанға деген сүйіспеншілігін арттыруға да ықпал ететініне кәміл сенеміз [5].

Қорытынды

Қаншама уақыт өтседе Е.А. Бөкетовтің тұлға тәрбиесі туралы идеялары бүгінгі күнге дейін заманауи талаптарға сай өзектілігін жоғалтқан жоқ. Олар жастарда патриотизм, жауапкершілік пен азаматтық ұстанымды қалыптастырудың әдіснамалық негізі бола алатындығына сеніміміз мол. Бұл идеяларды бастапқы әскери дайындық, дене тәрбиесі және спорттық іс-шаралар бағдарламаларына интеграциялау арқылы толыққанды жүзеге асыруға болады.

Қазіргі білім беру жүйесі осы өшпес асыл мұраға сүйене отырып, тек кәсіби мамандарды ғана емес, елінің лайықты азаматтарын тәрбиелеуге бағытталуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бөкетов Е.А. Таңдамалы еңбектер. – Қарағанды, 1980.
2. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының заңы.
3. ҚР БӘД және дене шынықтыру бойынша мемлекеттік стандарттары.
4. «Жас сарбаз» республикалық бағдарламасы. – Астана, 2023.
5. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». – Астана, 2017.